



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 2

2024

ISSN 2310-3353



**PUBLISHINGS**  
**K S P I**



**Қ М П И**  
**ЖАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**К Г П И**

2024 ж., сәуір, №2 (74)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

**Құрылтайшы:** *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

**Бас редактор:** *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

**Бас редактордың орынбасары:** *Жарлығасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

#### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

*Әлімбаев А.Е.*, философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

*Емин Атасой*, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

*Зоя Микниене*, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

*Качев Д.А.*, философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Ксембаева С.К.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Лина Анастасова*, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

*Медетов Н.А.*, физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Мишулина О.В.*, экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Соловьев С.А.*, биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

*Скорородов Д.М.*, техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

*Сычева И.Н.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

*Ташев А.Н.*, экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж  
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.  
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.  
Жазылу бойынша индексі 74081

**Редакцияның мекен-жайы:**  
110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47  
(Редакциялық-баспа бөлімі)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті

№2 (74), апрель 2024 г.  
Издается с января 2005 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

**Главный редактор:** *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

**Заместитель главного редактора:** *Жарлыгасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Алимбаев А.Е.*, доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

*Емин Атасой*, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

*Зоя Микниене*, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

*Качеев Д.А.*, кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Ксембаева С.К.*, кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

*Лина Анастасова*, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

*Медетов Н.А.*, доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

*Мишулина О.В.*, доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Соловьев С.А.*, доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

*Скорыходов Д.М.*, кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Сычева И.Н.*, кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Ташев А.Н.*, кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж  
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.  
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.  
Подписной индекс 74081

#### Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы, 47  
(Редакционно-издательский отдел)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

### Список литературы

1. Евлахов А.М. Искусство лжет не притворяясь: Избранные литературные и научные труды. Москва: Издательский дом «Парад», 2011. – 536 с.
2. Евлахов А.М. Введение в философию художественного творчества. Опыт историко-литературной методологии. В 3-х тт. Т.1. Варшава: Варшавский университет, 1910. – 537 с.
3. Асташенко Е.В. Ирреализм и его отношение к реализму в филологии XX века// Успехи современной науки. 2016. № 8. Т.3. С. 41-45.

ARUTYUNYAN, A.V.

### POETIC MANNER OF ALEXANDR YEVLAKHOV'S STORIES AND THE TRADITIONS OF CHEKHOVIAN PROSE

*The article examines the features of the poetic manner of Alexandr Yevlakhov's stories. Parallels are drawn with the stories of Anton Chekhov. Chekhovian traditions can be traced at various levels: a plot, a main character, the narrator's point of view. The originality of Alexandr Yevlakhov's stories is manifested in the role of the storyteller. Yevlakhov's narrator always explores the connection between human psychology and unexpected actions. Yevlakhov's creativity is a clear confirmation of his theoretical constructs and aesthetic preferences.*

**Key words:** short story, poetic manner, stylistics, composition, plot, narrator.

АРУТЮНЯН, А.В.

### АЛЕКСАНДР ЕВЛАХОВТЫҢ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ПОЭТИКАСЫ ЖӘНЕ ЧЕХОВ ПРОЗАСЫНЫҢ ДӘСТҮРЛЕРІ

*Александр Евлаховтың әңгімелерінің поэтикасының ерекшеліктері қарастырылады. Антон Чеховтың әңгімелерімен параллельдер жүргізілуде. Чеховтың дәстүрлерін әртүрлі деңгейде байқауға болады: сюжеттік ситуациялар, басты кейіпкерді таңдау, айтушының көзқарасы. Александр Евлаховтың әңгімелерінің өзіндік ерекшелігі айтушы ролінде көрінеді. Евлахованың айтушысы әрқашан адам психологиясы мен кутпеген әрекеттер арасындағы байланысты зерттейді. Евлаховтың шығармашылығы оның теориялық құрылымдары мен эстетикалық қалауларының айқын дәлелі болып табылады.*

**Кілт сөздер:** әңгіме, поэтика, стилистика, композиция, сюжет, баяндауыш.

ӘОЖ 811.512.122

**Бекбосынова, А.Х.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор м.а.,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,*

**Мешітбай, А.Қ.,**

*«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 4 курс студенті,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Қостанай, Қазақстан*

### ЗЕЙНОЛЛА ШҮКІРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ КӨРІНІСІ

#### Түйін

*Әлемдік поэзия өкілдерінің шығармашылығына назар салғанда олардың қай-қайсысының да соқпай өтпейтін нысанасы – табиғат. Мақалада туган халқының қайсар қаламгері, зергер ақыны Зейнолла Шүкіровтің табиғат көрінісін суреттеудегі шеберлігі сөз етіледі.*

**Кілт сөздер:** табиғат, табиғат лирикасы, теңеу, эпитет.

## 1 Кіріспе

Зейнолла Шүкіров – «қазақ тың Островскийі» атанған көрнекті қаламгері, әрі зергер, әрі арынды ақыны, сонымен қатар ол дарынды прозаик.

Зейнолла Шүкіров 1927 жылы ақпанның 16 жұлдызында Қызылорда облысының Арал ауданындағы Бөген ауылында туған. Науқастығына қарамастан өз бетінше білімін көтеріп, жазушылықпен айналысты. Алғашқы жинағы 1955 ж. «Менің достарым» деген атпен жарыққа шыққан. Адамгершілікті, адал махаббат пен шынайы сезімді суреттейтін «Теңіз жырлары» (1960), «Арал дәптері» (1962), «Сағыныш» атты өлең кітаптары, сондай-ақ, Арал балықшыларының ауыр тіршілігін, өмірін бейнелейтін «Тоғысқан тағдырлар» (1961), бүгінгі замандастар келбетін ашатын «Сырлы дүние хикаялары» (1966), «Ізгілік іздері» (1967), «Қиын түйін» (1973) повестері мен «Отты өткелдер» (1983) атты романы жарық көрді. Өлеңдері мен поэмалары 1977 жылы «Таңдамалы шығармалар» деген атпен жарыққа шыққан. З.Шүкіров сонымен қатар көркем аудармамен де айналысты. Орыс ақыны Ф.И. Тютчевтің «Жартас пен теңіз» атты жыр жинағын қазақ тіліне аударды.

Зейнолла Шүкіров туралы естеліктер де, лирикалық өлеңдер де, поэмалар да жазылып келеді. Асқар Тоқмағамбетовтің «Жаралы жолбарыс» («Зейнолла Шүкіров туралы дастан»), Мұзафар Әлімбаевтың «Құрыш қазақ» (лирикалық дастан), Мұқағали Мақатаевтың «Тағдырлардың тағдыры», Жарасқан Әбдірашевтің «Ағаны іздеу», Иранбек Оразбаевтың «Ақын жатыр», Серік Сейітмағамбетовтің «Зейнолла Шүкіровтің соңғы монологы», Сырбай Мәуленовтің «Құрыш жүрек», Мұзафар Әлімбаевтың «Қаһарманын халық ұмытпайды» арнаулары, Нәсрәддин Серәлиевтің «Теңіз жыры», Бек Тоғыбайұлының «Қайсар қазақ», Қомшабай Сүйенішевтің «Талант пен тағдыр», Айжарық Сәдібекұлының «Содан бері ағып өтті талай жыл», Молдахмет Қаназовтың «Сағыныштың сары жапырақтары (Зейнолла Шүкіров жайлы деректі мөлтек әңгімелер)», Тынымбай Нұрмағамбетұлының «Теңізден бұрын өлген ақын», Файзолла Омаровтың «Бөгеннен ұшқан бұлбұл», Шөмішбай Сариевтің «Теңіз толқынында туған ақын», Сайлаубай Жұбатырұлының «Азабынан абат өсірген тағдыр» және т.б. естеліктер- эсселер – бәрі де дарынды ақынның шығармашылық келбетінің дара бітімді тұлғасының деректі сипатын да, әдеби көркем жинақтаумен өрілген тұлғасын да танытады. Осы арада профессор Т.Тебегеновтің «Қаһарман қазақ Зейнолла Шүкіров – қаламгер және романтикалық-реалистік кейіпкер» атты еңбегіндегі бағалауы да рухани құндылықтар әлеміндегі Зейнолла Шүкіров болмысын саралауды дәйектей түседі:

«Зейнолла Шүкіров – әдебиет тарихындағы романтикалық кейіпкер, әрі қайсар қаламгер. 45 жыл бойы екі аяғынан тік басып жүре алмаса да, адамдардың мәңгілік рухани қызметшісі болу жолындағы қажырлы күрескерлік, шығармашылық еңбек ерлігі жолындағы қырандай биікте самғаған қалпынан айнамай өтті. Адамзат ұрпақтарының рухани қызметшісі болған ұстанымын адамдардың екі дүниеде (фәни мен бақи) сабақтастығын қалдырған асыл сөздері мен өнегелі тағдыры арқылы дәлелдеген алыптар қатарынан Зейнолланың да орын алатыны ақиқат. Бұл – мәңгілік өмір жалғастығы» [1, 227 б.].

Зейнолла ақынның жаны туған жердің сұлу табиғатын бейнелеп, тануға құштар. Зейнолла Шүкіров қазақ даласының көркін, ерекшеліктерін айқын бояумен шебер суреттеген. Табиғат әлемін адам көңіл-күйімен ұштастырып, әдемі жеткізе білген. Ақын тілі шебер, ойы өткір, табиғат жайлы шығармашылық жолында үзбестен сүйсіне жырлап өткен.

Қазақ поэзиясына сыршыл лирикалық өлеңдерімен өзіндік үлес қосқан ақын Зейнолла Шүкіровтің табиғат лирикасына жататын өлеңдері де классикалық көркемдік үрдістер аясындағы шығармашылық сипатымен ерекшеленеді. «Таң алдында», «Аңсарым алыс жұлдызда», «Теңіз жыры», «Күн батарда», «Тербейді таң самалы, май самалы», «Алматым», «Айнакөл», «Теңіз», «Таң алдында» («Тыныпты тентек жел ескен»), «Дауыл», «Ай», «Қала берсін мүлгіп құрақ», «Ақша қар», «Көктем», «Қыс», «Аякөз тоғайы», «Ерке гүл, сарғайма ерте күзін соқпай», «Сыпырды қыс ақ көрпесін», «Жайылып жаңбырдан соң алақаны», «Ақша қар», «Күз әпке», «Табиғат қалады-ау бір жырғап таңда», «Теңізбен кездесу», «Ей, таулар, бұлт айналған төбесінен», «Қансонар», «Қарағай», «Ару көл», «Бұлттар, бұлттар», «Көл жағада», «Айнакөл»,

«Күншуақ», «Көктем күліп кіреді талай баққа», «Бақша», «Балқұрақ», «Нөсер күні», «Тау гүлі», «Қоңыр күз», «Дауыл», «Бұлт», «Қыз бен аяз», «Жауғытұрым», т.б.

Табиғат – адам баласының еңбек етіп, өмір сүретін ортасы. Табиғатты дүниежүзінің классик ақындарының бәрі жырлаған. Дәуірі мен ортасына, өзінің және басының көңіл күйіне байланысты әр ақын өзінше жырлайды. Біреулер таза пейзаждық суреттер жасаса, екінші біреулер табиғат арқылы қоғамдық өмірді, тартысты, арпалысты суреттейді [2].

«Табиғат лирикасының алғашқы белгі, нышандарын фольклорлық поэзиядан бажайлауға болады. Өйткені қашанда адамзат табиғатпен етене жақын. Сондықтан айнала қоршаған орта және оның түрлі жаратылыс сырлары адамның назарын өзіне аудармай қоймаған. Осындай жағдайда ақындар табиғатқа арнап лирикалық өлеңдер жазып отырған. Біреулер табиғаттың пейзаждық суреттерін жасаса, енді бір ақындар сол табиғат арқылы қоғамдық өмірді, адамның ішкі көңіл-күйін астастыра жырлаған» [3, 192 б.].

Теңіз толқынында туған Зейнолла Шүкіров шығармашылығы теңіздей тап-таза, мөп-мөлдір, тұнық, жағаға соққан толқындай асау. Өмірдің қатал сынақтарына мұқалмай, құрыштай шыңдалып өскен З.Шүкіров әрі ақын, әрі жазушылық қасиетімен әдебиет әлемінде өшпес ізін қалдырды. Қаламгер аяғымен жер шарын шарламаса да, қаламымен он сегіз мың ғаламға саяхат шеккен. Ол өз зеректігі мен дарынының арқасында өмірдің өзіне «өзін» дәлелдеп кеткен нар тұлға. Бұл сөзімізге оның алғашқы жинағынан бастап, толассыз шығармашылығы дәлел бола алады.

## 2 Материалдар мен әдістер

Мақаламызда, айта кеткендей, ақынның «Қасиетті сезімдер» атты жинағы талданбақ. Бұл жинақта Зейнолла Шүкіровтың таңдаулы әңгімелері мен повесттері топтастырылды. Адамгершілік, ар тазалығы мен адалдық, инабаттылық, достық пен махаббат тақырыбы арқау болған «Қасиетті сезім» кітабында, ақынның табиғатты суреттеудегі ерекшелігіне тоқталдық.

## 3-4 Нәтижелер мен талқылау

Жинақтағы «Қашқын қыз» әңгімесіндегі «*Айсыз қараңғы түн. Аспан тұнжсырап алған, түйдек-түйдек қара бұлт үріккен қойдай үдере көшеді. Жұлдыздар бұлт жыртығынан жылт етіп көрініп, қайта жоқ болады*» (З.Шүкіров «Қасиетті сезім», 24 б.) Автор осы көрініс арқылы көз алдымызға қараңғы түннің аспан әлемін бірден елестетеді. Оған қоса, ақын бұл көріністе аспандағы бұлттың көшуін қазақ танымына барынша жақын төрт түліктің бірі қойды алып, *үріккен қойдай үдере көшті* деп сипаттайды. Ал жұлдыздардың жылт етіп жоқ болу қасиетін сипаттауда *бұлт жыртығы* тіркесін сәтті қолданады.

Қазақ танымында қой – бейбітшіліктің, тыныштықтың, үндестіктің, тоқшылықтың және молшылықтың символы.

«Сең үстінде» шығармасында жазушы *Дауыл. Зәуреш гулеген жел үніне құлақ тосады. Дауыл ішін тартып ұли соғады. Сеңді дал-дал қылып сөгіп жіберердей. Сонсоң бір-біріне соғып, астын үстіне шығаратын сияқты* (З.Шүкіров «Қасиетті сезім», 35 б.) – деп табиғаттың бір көрінісін көз алдымызға елестетеді. Бұл жерде автор кейіптеу тәсілін өте орынды қолданған. Дауыл ішін тартып ұлиды, сеңді сөгіп жіберердей күйге енеді. Жазушы желді тек табиғат құбылыстарының жай көрінісі деп қана суреттемей, адамның ашулы, ызалы, арыстандай жыны ұстаған, қатты сөгіп жіберердей қатал мінезіне теңеген.

Қазақ – кең даланың ауасымен тыныстаған, үнемі кеңістікті ғана мекендеуді мұрат тұтқан халық. Даланың өсімдіктері де, түні де, алаулаған күні де, көшпелілердің мәңгілік рахатты тұрағы ауылы да – бәрі де ақындар жырларының арқауы. Зейнолла ақын да даланың ғажайып сырлы бояулы келбетін, әсерін тебіреністі жолдармен бейнелей жырлайды: *Кешке қарай төніп қалған қатерден хабар бергендей, батыс көкжиек қан қызыл шұғыла шапты да бүкіл әлем өрт құшағында жатқандай ұзақ алаулап тұрды* (З.Шүкіров «Қасиетті сезім», 37 б.). Бұл суреттеу арқылы автор алдағы болатын қатерді *көкжиек қан қызыл шұғыла шапты да бүкіл әлем өрт құшағында жатқандай ұзақ алаулап тұрды* деп табиғаттың мазасыз бір көрінісімен байланыста суреттейді.

«Тоғысқан тағдырлар» повестінде жұлдыздар бейнесі төмендегідей шеберлікпен беріледі:

*Жұлдыз теңгеліктер қадаған аспан төсі кең жайылып, маужырап жатыр. Көтеріліп келе жатқан алтын ай жапырақтар арасынан әлсін-әлсін сығалап қалады* (З.Шүкіров «Қасиетті сезім», 73 б.). Мәтіндегі *жұлдыз теңгелік* авторлық қолданыстағы эпитет. Автор *аспан төсіне жұлдыз теңгеліктерді қадап, маужырап жатыр* деп суретті бейне жасайды. Көз алдымызға бұлтсыз ашық аспан, жылт-жылт еткен жұлдыздар бейнесі еріксіз келеді.

*Март туып, өз тағдырының шешілуіне өлшеулі-ақ күн қалғанын сезгендей, қыс құтырып тұр. Жел зарлы ызыңдап ұли соғады. Ақ түтек қарлы құйын көрінген үйдің есігіне кептеліп, жан ұшырып терезесін қағады, қора-қораның қуыс түкпіріне тығылады. Бір кезде жын жетектегендей қайта ышқынып қу медиен далаға бет алып дүркірей жөнеледі. Қыс кетер алдында бар дүниенің апишысын қуырып алуға асыққандай. Дауыл екпініне шыдамай қалтыраған қамыс қора жапырыла құлайды, қайта-қайта иіліп тәжім етеді. Жел уіліне мың сан сыбызғы үн қосқандай, мұңды сыңсып, бебеу қағып әндетеді* (З.Шүкіров «Қасиетті сезім», 101 б.). Жазушы табиғаттың тек жалаң суретін ғана беріп тұрған жоқ, оны адам өмірімен нық байланыстырып тұр. Қыс мезгілі кетіп, көктем туар мезгіл жетті... Автор мәтінде осы жыл мезгілінің бір-біріне ауысуын, қыс бітіп көктем келді деп жалаң суреттемейді. Өмір – қозғалыс, өмір – бәсеке. Осы сәтті бейнелі түрде көз алдымызға елестетеді. Өмір – қозғалыс... Шығармада қыс мезгілінің аяқталып, көктемнің келуі, әр нәрсенің өз мерзімі, уақыты болатынынан хабар береді. Өмір – бәсеке... Тіптен жыл мезгілдері бір-біріне оңай өз кезегін бермейді, соңына дейін арпалысады, алысады. *Өз тағдырының шешілуіне өлшеулі-ақ күн қалғанын сезген қыс* бар мүмкіншілігін салып, сарп етеді: *құтырады, ызыңдап ұли соғады, көрінген үйдің есігіне кептеліп, жан ұшырып терезесін қағады, қора-қораның қуыс түкпіріне тығылады, кейде жын жетектегендей қу медиен далаға бет алып дүркірей жөнеледі*, енді қыс мінезінің ушыққанынан *қамыс қора жапырыла құлайды*. Міне, қыс мезгілі көктеммен соңғы демі қалғанша осылай күреседі. Автор тек қана жалаң табиғаттың көрінісін суреттеп тұрған жоқ, осы суреттеу арқылы оқырманға да ой салып тұр.

*Арық суы ай сәулесімен шағылысып, аппақ сүттей жарқырап жатыр. Түнгі майда толқын құмдақ жағалауға шылп-шылп соғады* (З.Шүкіров «Қасиетті сезім», 116 б.). Автор енді бір табиғат көрінісін беруде түнгі арық суын көз алдымызға елестетеді. Түнгі арық суы автордың суреттеуінде *ай сәулесімен шағылысып, аппақ сүттей жарқырайды* деп сипатталады. Түнгі арық суының ай сәулесімен шағылысып аппақ сүтке енуі, көз алдымызға түнгі арықтың кейпін көрсетеді. Автор арықтың түнгі кейпін көрсетуде *ақ сүт* тіркесін қолдану арқылы біріншіден, қазақ танымындағы тағам атауы *сүтті* және ұлттық мәні бар *ақ түсті сәтті* қолданған. Суреткер өз шығармаларында табиғаттың көрінісін бейнелеуде қазақ танымына жақын атауларды орынды қолдана білген.

*Аспанның да әншейіндегі ашық көк түсі ақ айран тартқан бүгін, бір уыс бұлтсыз жалындап тұр* (З.Шүкіров «Қасиетті сезім», 121 б.). Мұнда да автор бұлтсыз ашық көк түсті аспанды *ақ айранға* теңейді.

## **5 Қорытынды**

Зейнолла Шүкіров – қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби үдерістегі елеулі шығармаларымен даралана танылған көрнекті шығармашылық тұлға. Қырық жыл бойы төсекте жатқанда қолынан қаламы түспеген, оқуы мен шығармашылық қызметін ұштастырған оның әдеби мұрасы – ұлттық рухани құндылықтарымыз тағылымын танытады.

Табиғат көріністері мен құбылыстарын жырлауда әсерлі бейнелеу, тың тіркестер мен әсем суреттер жасау – Зейнолла Шүкіровтің басты ерекшелігі. Оның табиғат тақырыбындағы қай шығармасында болмасын ұлттық өрнек айрықша аңғарылады.

Көзі тірісінде-ақ халқынан бағасын алып үлгерген дарынды ақын, жазушы. Зейнолла Шүкіров «Бір жұлдыз болып жанам мен, Бір жұлдыз болып қалам мен» деп айтып кеткен екен. «Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді» деген, Зейнолланың рухы мәңгі жасай бермек.

### Әдебиеттер тізімі

1. «Бір жұлдыз болып жанам мен ...»: Зейнолла Шүкіров туралы естеліктер, мақалалар, хаттар, өлеңдер, поэмалар. – Қызылорда: Тұмар, 2007. – 408 б.
2. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Жазушы, 1958.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
4. Зейнолла Шүкіров. Қасиетті сезім. Өңгімелер мен повестер. Алматы: Ата-мұра, 2009. – 312 б.

### БЕКБОСЫНОВА, А.Х., МЕШІТБАЙ, А.Қ. ПЕЙЗАЖ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ЗЕЙНОЛЛЫ ШУКУРОВА

*При взгляде на творчество представителей мировой поэзии непроницаемая цель любого из них-природа. В этой статье рассказывается о мастерстве Зейноллы Шукурова, писателя, поэта родного народа.*

**Ключевые слова:** *Природа, лирика природы, сравнение, эпитет.*

### BEKBOSYNOVA, A.KH., MESHITBAY, A.K. LANDSCAPE IN THE WORKS OF ZEYNOLLA SHUKUROV

*When exploring the literary works of global poets, an unyielding motif for each of them is nature. This article delves into the artistry of Zeynolla Shukurov, a writer and poet hailing from his indigenous community.*

**Key words:** *Nature, lyrics of nature, comparison, epithet.*

ӘОК 81'373; 801.8

### М. Қожанұлы

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс  
университеті, Астана қ., Қазақстан*

## ҚАЗАҚТЫҢ КҮЛДІРГІ ӘЗІЛ-ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЭТНОНИМДЕР ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

### Түйін

Мақала халық ауыз әдебиетінің бір саласы – күлдіргі әзіл-қалжың әңгімелерді отандық ғалымдар көзқарастарына сүйеніп, қазақ ономастикасы аясында қарастырылады.

Автор қазақтың күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі «би-шешендер айтты» деген кейбір руларға қатысты қалжың, әзіл-оспақ сөздерге тоқталып, олардың ономастикалық кеңістіктегі қыр-сырын танып-білуге де болатынын алға тартады.

Мақалада күлдіргі әзіл-әңгімелері аясында да ру аттары кездесетінін назарға алып, ең алдымен, әр дәуірдің, әр кезеңнің ерекшелігіне, шындығына байланысты туган қалжың, әзіл-оспақ әңгімелер (анекдоттар) халқымыздың тарихымен, саяси-рухани, тұрмыс-тіршілігімен, тіпті, қазіргі қоғамдағы мінез-құлықты қалыптастыру мәдениетімен сабақтас екені де сөз етіледі.

Халық ауыз әдебиетінің күрделі де көркем дүниесі күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі ономастикалық атауларды жинақтап, оның ішінде қазақ руларының ешкімге ұқсамайтын ерекше бет-бейнесін «имиджін», «стереотипін» немесе «мінез-құлық прагматизмін» қазақ ономастикасы аясында кешенді түрде зерттеудің маңызы зор екенін ұсынады.

**Кілт сөздер:** қазақ ономастикасы, күлдіргі әзіл-әңгімелер, анекдот термині, мінез-құлық имиджі, қазақтың ру аттары (этнонимдер).

### 1 Кіріспе

Қазақ ауыз әдебиетінің аса бай фольклорлық мұрасының бірі – күлдіргі әзіл-әңгімелер.



**МАЗМҰНЫ****ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Арутюнян, А.В.</i> Александр Евлаховтың әңгімелерінің поэтикасы және чехов прозасының.....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Мешітбай, А.Қ.</i> Зейнолла Шүкіров шығармаларындағы табиғат көрінісі .....	7
<i>Қожанұлы, М.</i> Қазақтың күлдіргі әзіл-әңгімелеріндегі этнонимдер туралы бірер сөз .....	11
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Серік Макпырұлы еңбектерінің мұғалімдерге, оқытушыларға, студенттерге танымдық- тағылымдық әсері.....	18
<i>Шолпанбаева Г.А., Адилова, Ж.Е.</i> Есімдердің өзге тілдерде қолданылатын ерекшеліктері.....	24

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Ақантай, Н. Н., Тастанов, М.Г.</i> Физика олимпиадасының студенттерін даярлаудың жалпы принциптері.....	29
<i>Ахметханова, Д.О., Тастанов, М.Г.</i> Дирихле есебін шешудің математикалық әдістері.....	33
<i>Барсақбаева, М.Б.</i> Қостанай қаласының жанармай құю станцияларында мұнай өнімдерімен ластанған топырақ микрофлорасының биоремедиациялық әлеуетін бағалау ерекшеліктері.....	40
<i>Бейшов, Р.С., Жунисбеков, Н.Е.</i> Өсімдердің фитохимиялық құрамына қоршаған орта факторларының әсерін бағалау.....	47
<i>Бейшов, Р.С., Смаилова, А.И.</i> Өнеркәсіптік кәсіпорындардың табиғи ортаға экологиялық әсерін бағалау әдістері.....	50
<i>Конысбаева, Д.Т., Рұлёва, М.М., Баубекова, Г.К.</i> Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының құрметті профессоры, биология ғылымдарының докторы Т.М. Брагина-ның теориялық және қолданбалы биологиясындағы ғылыми мұра кезендері.....	55
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Белгілі бір бағытта дөңеске жақын функциялардың бір класы туралы .....	60
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Аналитикалық функциялардың кейбір кластарындағы логарифмдік туындыны бағалау.....	66
<i>Мефодьева Н.К.</i> Бастауыш мектепте математика сабағында жоба әдісін қолдану .....	72
<i>Хырхынбай, Ж., Мұқанбетсадықова, А. Қ.</i> ЖМБ сыныптарында математикамен пәнаралық интеграция кезінде ЖИ технологияларын қолдану .....	75

**ИНЖИНИРИНГ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ**

<i>Нурмагамбетов, Б.Б.</i> Білім беру процесінде виртуалды шындықты қолданудың теориялық талдау (ғарышты зерттеу мысалында).....	83
<i>Савина, Д.Е.</i> 3D модельдеуді зерттеу үшін цифрлық білім беру ресурстарын салыстырмалы талдау .....	89

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ВЕТЕРИНАРИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ**

<i>Бейшов, Р.С., Алитанова, М.К.</i> Шаруашылық жарамдылығын бағалау үшін дәнді және тұқым себу сапасын зерттеудің рөлі мен маңызы .....	97
<i>Каримова А.К.</i> Қостанай ауданының микросателитті ДНҚ-маркерлердің негізіндегі герефорд тұқымды ірі қара малдың генетикалық полиморфизмі.....	102
<i>Райымқұлова, М.Қ., Бектас, Ж.С.</i> Сірке қышқылы туындыларының ферменттерді тежеу белсенділігін зерттеу .....	108

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР**

*Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Мишулина, О.В.* Әлеуметтік бағдарланған сақтандыру өнімдерін дамыту контекстіндегі ҚР сақтандыру нарығының трендтері ..... 117

*Меңлікөжаева, С.Қ., Аймұратова, Т.С.* Болашақ мамандарды педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынасқа баулу ..... 124

*Шамкенов, Р.Ж., Давлетбаева, Ж.Ж.* Ақмола облысының туристік индустриясындағы мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру ..... 132

**БІЗДІҢ АВТОРЛАР** ..... 140

**АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА** ..... 147

## СОДЕРЖАНИЕ

**ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО**

<i>Арутюнян, А.В.</i> Поэтика рассказов Александра Евлахова и традиции чеховской прозы .....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Мешітбай, А.Қ.</i> Пейзаж в произведениях Зейноллы Шукурова.....	7
<i>Қожанұлы, М.</i> Несколько слов о этнонимах в казахских юмористических рассказах .....	11
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Воспитательное воздействие произведений Серика Макпырулы на учителей, преподавателей и студентов .....	18
<i>Шолпанбаева, Г.А., Адилова, Ж.Е.</i> Особенности употребления имен в других языках .....	24

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

<i>Ақантай, Н. Н., Тастанов, М.Г.</i> Общие принципы подготовки студентов физической олимпиады .....	29
<i>Ахметханова, Д.О., Тастанов, М.Г.</i> Математические методы решения задачи Дирихле.....	33
<i>Барсақбаева, М.Б.</i> Особенности оценки биоремедиационного потенциала микрофлоры почв, загрязненных нефтепродуктами, на заправочных станциях города Костаная .....	40
<i>Бейшов, Р.С., Жунисбеков, Н.Е.</i> Оценка влияния факторов окружающей среды на фитохимический состав растений .....	47
<i>Бейшов, Р.С., Смаилова, А.И.</i> Методы оценки экологического воздействия промышленных предприятий на природную среду .....	50
<i>Коньсбаева, Д.Т., Рұлєва, М.М., Баубекова, Г.К.</i> Вехи научного наследия в теоретической и прикладной биологии почетного профессора Костанайского государственного педагогического института доктора биологических наук Т.М. Брагиной .....	55
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Об одном классе функций, близких к выпуклым в определенном направлении.....	60
<i>Майер, Ф.Ф.</i> Оценки логарифмической производной в некоторых классах аналитических функций .....	66
<i>Мефодьева, Н.К.</i> Использование метода проектов на уроке математики в начальной школе.....	72
<i>Хырхынбай, Ж., Мұқанбетсадықова, А. Қ.</i> Применение технологий ИИ при межпредметной интеграции с математикой в классах ЕМН.....	75

**ИНЖИНИРИНГ И ТЕХНОЛОГИИ**

<i>Нурмагамбетов, Б.Б.</i> Теоретический анализ использования виртуальной реальности в образовательном процессе (на примере изучения космоса).....	83
<i>Савина, Д.Е.</i> Сравнительный анализ цифровых образовательных ресурсов для изучения трехмерного моделирования.....	89

**СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ, ВЕТЕРИНАРНЫЕ НАУКИ**

<i>Бейшов, Р.С., Алтанова, М.К.</i> Роль и значение изучения зерна и посевных качеств семян для оценки хозяйственной пригодности.....	97
<i>Каримова, А.К.</i> Генетический полиморфизм герефордского скота на основе микросателлитных ДНК-маркеров.....	102
<i>Райымқұлова, М.Қ., Бектас, Ж.С.</i> Изучение ферментингибирующей активности производных уксусной кислоты .....	108

**СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ**

<i>Коваль, А.П., Баяндин, М.А., Мишулина, О.В.</i> Тренды страхового рынка РК в контексте развития социально-ориентированных страховых продуктов .....	117
--	-----

---

<i>Меңліқожаева, С.Қ., Аймұратова, Т.С. Привлечь будущих специалистов к взаимоотношениям в педагогической деятельности.....</i>	124
<i>Шамкенов, Р.Ж., Давлетбаева, Ж.Ж. Повышение эффективности взаимодействия государства и бизнеса в туристической индустрии Акмолинской области.....</i>	132
<b>НАШИ АВТОРЫ .....</b>	143
<b>ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ.....</b>	150

## CONTENT

### **HUMANITIES AND ARTS**

<i>Arutyunyan, A.V.</i> Poetic manner of Alexandr Yevlakhov's stories and the traditions of chekhovian prose.....	3
<i>Bekbosynova, A.Kh., Meshitbay, A. K.</i> Landscape in the works of Zeynolla Shukurov.....	7
<i>Kozhanuly, M.</i> A few words about ethnonyms in kazakh humorous stories.....	11
<i>Ospanuly, S., Myrzagaliyeva, K.</i> The educational impact of Serik Makpyrula's works on teachers, lecturers and students.....	18
<i>Sholpanbayeva, G. A., Adilova, Zh. Y.</i> Features of the use of names in other languages.....	24

### **NATURAL SCIENCES**

<i>Akantai, N.N., Tastanov, M.G.</i> General principles of preparing students for the physical olympiad.....	29
<i>Akhmetkhanova, D.O., Tastanov, M.G.</i> Mathematical methods for solving the Dirichlet problem.....	33
<i>Barsakbayeva, M.B.</i> Features of the assessment of the bioremediation potential of the microflora of soils contaminated with petroleum products at gas stations in the city of Kostanay.....	40
<i>Beishov, R.S., Zhunisbekov, N.E.</i> Assessment of the influence of environmental factors on the phytochemical composition of plants.....	47
<i>Beishov, R.S., Smailova, A.I.</i> Methods for assessing the environmental impact of industrial enterprises on the natural environment.....	50
<i>Konysbaeva, D.T., Rulyova, M.M., Baubekova, G.K.</i> The scientific heritage milestones in theoretical and applied biology of T.M. Bragina, doctor of biological sciences and honorary professor of the Kostanay state pedagogical institute.....	55
<i>Maiyer, F.F.</i> About one class of functions that are close to convex functions in a certain direction.....	60
<i>Maiyer, F.F.</i> Estimates of the logarithmic derivative in some classes of analytical functions.....	66
<i>Methodieva N.K.</i> Using the project method in a math lesson in elementary school.....	72
<i>Khyrkhynbay, Zh., Mukanbetsadykova, A. K.</i> The use of AI technologies in interdisciplinary integration with mathematics in the NMD classes.....	75

### **ENGINEERING AND TECHNOLOGY**

<i>Nurmagambetov, B.B.</i> Theoretical analysis of the use of virtual reality in the educational process (based on the example of space study).....	83
<i>Savina D.E.</i> Comparative analysis of digital educational resources for studying 3D modeling.....	89

### **AGRICULTURAL, VETERINARY SCIENCES**

<i>Beishov, R.S., Alitanova, M.K.</i> The role and importance of studying grain and solving qualities of seeds for assessing economic suitability.....	97
<i>Karimova, A.K.</i> Genetic polymorphism of hereford cattle based on microsatellite DNA markers.....	102
<i>Raiymkulova, M.K., Bektas, Zh.S.</i> Study of enzyme inhibitory activity of acetic acid derivatives.....	108

### **SOCIAL SCIENCES**

<i>Koval, A.P., Bayandin, M.A., Mishulina, O.V.</i> Trends in the insurance market of the republic of Kazakhstan in the context of the development of socially oriented insurance products.....	117
---	-----

---

<i>Menlikozhaeva, S.K., Aimuratova, T.S.</i> Engaging future specialists in relationships in teaching activities .....	124
<i>Shamkenov, R.Zh., Davletbaeva, Zh. Zh.</i> Enhancing the effectiveness of state and business interaction in the tourism industry of the Akmola region .....	132
<b>OUR AUTHORS</b> .....	145
<b>INFORMATION FOR AUTHORS</b> .....	153

**Компьютерлік беттеу: С. Красикова**

**Компьютерная верстка: С. Красикова**

---

---

Басуға 15.04.2024 ж. берілді.  
Пішімі 60x84/8. Көлемі 12,0 б.т.  
Тапсырыс № 027

Подписано в печать 15.04.2024 г.  
Формат 60x84/8. Объем 12,0 п.л.  
Заказ № 027

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университетіндегі  
редакциялық-баспа бөлімінде басылған  
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе  
Костанайского регионального университета  
имени Ахмет Байтұрсынұлы  
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47